

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік  
университеті» КеАҚ



Бекітемін,  
Провост-бірінші проректордың м.а.  
А. Исмаилов  
2021г.



**Мемлекеттік тілді оқытуға арналған  
БАҒДАРЛАМА  
Бастауыш (А – А1) деңгейі  
Көлемі 20 сағат**

Қостанай, 2021

**Бағдарлама құрастырушы:** тілдер даярлау орталығының аға оқытушысы - Абильбекова Б.Т.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті ұйымдастырған «Серебряный университет» атты жоба шегінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі курсы ұйымдастырылды. Курс көлемі – 20 сағат.

Тіл үйрену – ынта мен талапты қажет етеді. Қазақ тілін неғұрлым тиімді де жеңіл жолмен үйрету мақсат етіп алынды. Оқыту барысында коммуникативтік тәсілмен қатар тапсырмаларды орындау тәсілі және коммуникативті функционалдық әдістің ұтымды жақтары қолданылды. **Оқытушының негізгі мақсаты – тіл үйренушіні сөйлеуге үйрету, сөйлеу дағдысын қалыптастыру, тіл мәдениетін көтеру.**

Тілді үйрену, білу деген ұғымның мағынасы кең. Мысалы, өз ойын өзгеге жеткізе алу, өзімен өзі сөйлесу /монолог/ немесе екі адам бір-бірімен сөйлесу, радио мен теледидардағы сөздерді тыңдап оны түсіну, кітап және газет оқу, ойын ауызша ғана емес, жазбаша түрде де жеткізе білу сияқты компоненттердің бәрі тілді үйрену ұғымына кіреді. Сондықтан тілді үйреткенде осы жағдайдың барлығы да ескеріліп отырды.

Оқыту курсына тілді үйренудің жеделдете оқыту әдісі мақсатқа алынды, соған орай, әр сабақта ауызекі сөйлеу тіліне басымдылық бере отырып, қысқа жағдаяттық сұхбаттар, шағын мәтіндер, іскерлік ойындар, шағын аудио таспалар, ән айту арқылы сөйлеу тілін жаттықтыру, суреттік бейне арқылы сөйлету сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды. Сонымен қатар әр тақырып әдістеме саласындағы «оқылым», «тыңдалым», «жазылым», «сөйлесім» әрекеттері арқылы жүргізіліп отырды.

**Тыңдалым:** Көлемі 20-30 сөзден тұратын мәтіндерді меңгеріп айта білу, шағын қысқаша сұхбаттарды түсіне білу, қысқаша қойылған сұрақтарды түсіну.

**Оқылым:** Мәтінді (30-50 сөз көлеміндегі)мәнерлеп оқу дағдысы. Оқу шапшаңдығы (1 минутта шамамен 30-40 сөз).күнделікті айтылатын сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемді түсінікті, таза оқу дағдысы.

**Айтылым:** Оқыған мәтін мазмұнын еркін тілде айтуға дағдылану, диалогқа, сұхбатқа белсенді қатысу, қойылған сұраққа мүмкіндігінше кідіріссіз жауап беру.




**Жазылым:** Тыңдау арқылы сауатты жазуға дағдыландыру. Сөздерден, сөз тіркестерінен қарапайым сөйлем құрастыра білу. Тақырып бойынша өзінің жеке стилінде түсінікті әрі логикалық жүйеде қосымша мәліметтермен, мысалдармен толықтырып шағын сөйлемдер жаза білу ептілігі.


**Оқытудың түрі:** күндізгі (аптасына 2 рет)

**Күтілетін нәтижелер:** Тыңдаушылар ауызекі тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, сонымен қатар грамматикалық категорияларды меңгеріп, өз бетінше қарапайым сөйлем құрып, күнделікті, қарапайым тілдегі қарым-қатынасқа түсе біледі.

Дайын күйіндегі шағын мәтіндерді түсініп, мазмұнын бірден айтуға дағдыланады. Бір- бірімен шағын түрдегі сұхбатқа еркін түсе алады.

№	Лексикалық тақырыптар	сағат	грамматикалық минимум	коммуникативтік минимум
1	<p>Қазақ еліне саяхат. Қазақ тілі туралы жалпы мәлімет.</p> 	1	<p>Қазақ тілі грамматикасының ерекшелігі. Әліпби. Қазақ тіліндегі тәндібыстар. Тасымал. Екпін.</p>	<p>Кіріспе.</p>
2	<p><b>Сөйлеу этикеті.</b> <i>Танысқанымға қуаныштымын. (Танысу үлгілері)</i></p>  <p><i>(Менің елім – қазақстан. Қазақстан азаматымын. Өзім туралы).</i></p>	2	<p>Тәуелдік жалғау. Тәуелді септеу. Жатыс септік. Жіктік жалғау. Етістіктің шақ категориясы. Есептік сан есім. Реттік сан есім. Сын есім. Қатыстық сын есім.</p>	<p>Танысу, бұл кісі кім?, оның аты, бұл кісінің есімі, танысып қойыңыз. -Сіздің атыңыз(есіміңіз) кім? -Сіз кімсіз? -Сіздің аты-жөніңіз кім? -Ол кісінің аты-жөні кім? -Сіз мені таныдыңыз ба? -Біз таныспыз ба? -Мен сізді білемін. -Сіз мені таныдыңыз ба? -Сіз мені танымадыңыз ба? -Сіз қайда жұмыс істейсіз? -Сіздің біліміңіз қандай? --Сіздің мамандығыңыз кім? -Сіздің лауазымыңыз кім?</p>
3	<p><b>Сөйлеу этикеті.</b> <i>Сәлемдесу. Қоштасу.</i></p>  <p><i>(Күнделікті өмірдегі қалыпты қимыл, іс-әрекет).</i> <b>Сіз бүгін не істейсіз? Ертең не істейсіз? -Сіз қазақша қалай сөйлейсіз?</b></p>	6	<p>Төл дыбыстары. Етістік. Ауыспалы осы шақ. Болымсыз ауыспалы осы шақ. Ауыспалы келер шақ. Сұраулы сөйлем. Сұраулық шылаулар. Сын есім. Жіктік жалғау. Жіктеу есімдігі (мен, сен, ол). дейін, кейін шылаулары. Мезгіл үстеу(түсте, кешке, ерте, кеш). Сұрау есімдігі. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі.</p>	<p><i>Амандасу түрлері.</i> -Сәлеметсіз бе? -Сәлеметсіздер ме? <i>Қоштасу түрлері</i> -Сау болыңыз -Кездескенше сөйлеу, айту, тыңдау, жазу, оқу, жұмыс істеу, аудару, дайындалу, дайындау, тамақ ішу, ұйықтау, қыдыру, көру, бару, тұру. -Сіз қазақша қалай сөйлейсіз? (жетік, еркін, ауызекі тілде, нашар)</p>

<p>4 <b>Сөйлеу этикеті.</b> <i>Амандасу әдебі.</i></p>  <p>(қал-жағдайыңыз, көңіл-күйіңіз, денсаулығыңыз қалай?)<b>Жағдаяттық сұхбаттар</b></p>	<p>4 Төл дыбыстары. Етістік. Ауыспалы осы шақ. Болымсыз ауыспалы осы шақ. Ауыспалы келер шақ. Сұраулы сөйлем. Сұраулық шылаулар. Сын есім.Жіктік жалғау. Жіктеу есімдігі (мен, сен, ол). дейін, кейін шылаулары. Мезгіл үстеу(түсте, кешке, ерте, кеш).Сұрау есімдігі. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі.</p>	<p>-Сіздің қал-жағдайыңыз қалай?(жақсы, өте жақсы, ойдағыдай, бәрі бұрынғысынша, жаман емес, шүкір, өзгеріссіз). -Сіз бүгін не істейсіз? -Мен дүкенге барамын. -Дүкеннен нан, май, сүт, айран, ет аламын. -Жақсы. Ауырмаңыз! - Келесі кездескенше!</p>
<p>5 <b>Сөйлеу этикеті.</b> <i>Алғыс.</i></p>  <p><b>Мекен-жай.</b> Мен Қостанай қаласында тұрамын, мен Қостанайда тұрамын)</p>	<p>2 Төл дыбыстары. Етістік. Ауыспалы осы шақ. Болымсыз ауыспалы осы шақ. Ауыспалы келер шақ. Сұраулы сөйлем. Сұраулық шылаулар. Сын есім.Жіктік жалғау. Жіктеу есімдігі (мен, сен, ол). дейін, кейін шылаулары. Мезгіл үстеу(түсте, кешке, ерте, кеш).</p>	<p>Сізге үлкен рахмет! Сізге алғысым шексіз. -Сіз қайда тұрасыз? - Мен (қалада, орталықта, ауылда, пушкин көшесінде)тұрамын. -Ол қайда тұрады? -Ол (қалада, орталықта, ауылда, пушкин көшесінде)тұрады.</p>
<p><b>Сөйлеу этикеті.</b> <i>Бұл кісі кім?</i></p>  <p><b>«-Иә,-Жоқ» немесе</b> (жоқ, бармаймын , -иә, барамын)</p>	<p>2 Төл дыбыстары. Етістік. Ауыспалы осы шақ. Болымсыз ауыспалы осы шақ. Ауыспалы келер шақ. Сұраулы сөйлем. Сұраулық шылаулар. Сын есім.Жіктік жалғау. Жіктеу есімдігі (мен, сен, ол). дейін, кейін шылаулары. Мезгіл үстеу(түсте, кешке, ерте, кеш).</p>	<p>-Бұл кісі кім? Бұл кісі Сәуле, менімен қазақ тілі курсына бірге барады. -Сіз кеше теледидар қарайсыз ба? -Иә, мен кешке теледидар қараймын. -Иә,қараймын. -Сіз бүгін қонаққа барасыз ба? -Жоқ, мен кешке қонаққа бармаймын. -Жоқ бармаймын.</p>

<p>6 <b>Сөйлеу этикеті.</b> <i>Кеңес беру</i></p>  <p><b>Қолымнан не келеді? Ұнату. Жақсы көру. Менің қалауым.</b></p>	3	<p>Модаль етістік Ауыспалы осы шақ. Табыс септік.Көптік жалғау. Төл дыбыстары. Сын есім. Қалау рай. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі.</p>	<p>Уайымдамаңыз! жақсылап ойланыңыз, сабырға келіңіз, қорқатын ештеңе жоқ, уақытты текке өткізбеңіз. -Сіз не істей аласыз? - Мен (аудар аламын,оқи аламын, рәсімдей аламын, сөйлей аламын). -Сізге не ұнайды? -Маған (өмір, шахмат ойнау, саяхат жасау, қонақ шақыру)ұнайды. -Сіз нені жақсы көресіз? -Мен (өмірді, саяхат жасауды, театрға баруды, демалуды)жақсы көремін.</p>
<p><b>Барлығы:</b></p>	20		

Қашықтықтан оқыту және  
қосымша білім беру институтының директоры



А.Жикеев